

Театрлық сабақтарға қатысу барысында оқушылар дағды мен біліктілікке үйренеді. Әртіс өз рөліндегі негізгі болып жатқан жайтты көрерменге толық жеткізуі үшін, оның өмірдегі өзіндік қызықты жақтары болуы керек, бұл бақылауға, есте сақтауға, назар аудартуға қажет ең басты мәселе. Бұл құндылықтарды арттыру үшін «Ауызша әңгімелеу», «Көшелік бағалау», «Жануарлар», «Шеңбер назары» сияқты жаттығулар жүргізуге болады. Бұл жаттығулар адамның ойлау қабілетін арттыруға, болған жайттарды қабылдауға, оларға баға беруге, адамның еңбектегі және рухани жағын қалыптастыруға көмектеседі.

Тағы бір өнердегі бағалы сәттер – ол әріптеспен дұрыс қарым-қатынас, бұл спектакльдегі басты кейіпкер рөлімен негізгі мақсатын ашады. Бұл түсіністік барысында ортақ бір ойға келіп, сезімдермен, режиссер мен рөлді сомдаушылар арасындағы мақсатты айқындауға деген ұмтылыс туады. Алайда мектептен тыс мәдени іс-шаралар оқушының сөйлеу шеберлігін дамытады. Сахналық қойылымдарға қатысу сөйлеу мәнерін өзгертеді, яғни сөйлеу мәнерін, жақсы дауыс ырғақ, жанды мәнерлеп оқу тек қана әртістердің қолынан емес, кез-келген оқыған адамның қолынан келетінін түсінеді. Көптеген пьесалармен жұмыс істеу, әдебиет үзінділерімен жұмыс істеу, балалардың әдебиетке деген ынтасын ашып, әр сөздің өзінің дұрыс қолданылу қадірін түсінеді. Театрлық көркем шығармамен шұғылдану әр оқушының дұрыс қозғалу, өзінің дене бітімін дұрыс күте білу, ортада өзін дұрыс ұстай білу, кез-келген жағдайда өз ойын дұрыс, нақты жеткізу қабілетін дамытады. Театрлық сабаққа қатысу әр оқушының тәрбиесін дұрыс дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі таңда төменгі сынып оқушылары тек мектеп бағдарламасымен ғана шектеліп, көркем әдебиетке, көркем шығармаларға мән бере бермейді, сыныптан тыс шығармашылықпен үйірмелерге азды-көпті ат салысады. Бұның себебі, қазіргі таңдағы теледидардың, ғаламтордың, компьютердің, ақпараттық техникалық құралдардың шамадан тыс дамуы. Олар сол себепті тек қана дайын мәліметтермен ғана шектеледі, ал олардың баланың ойлау қабілетіне тигізетін әсері көп, өзіндік ізденіс болмайды, өзіндік көзқарас туындамайды. Ал бұның бәрі баланың ойлау, сөйлеу қабілетінің баяулауына әкеледі.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – Киев, 1972. – С. 110–111.
- 2 Грачева О.О. Приобщение младших школьников к различным видам искусства в свободное время. – Минск, 1982. – С. 36–37.
- 3 Исследование художественных интересов школьников / Под. ред. Ю.У. Фохт-Бабушкина. – М., 1974.
- 4 Станиславский К.С. Шығ. жинағы. – I–III том «Актердің өз-өзімен жұмысы». – М., 1954. – 61.

### Резюме

*Данная статья раскрывает возможности воспитания младших школьников во внеклассной работе через приобщение к искусству разных жанров: кино, живопись, театр, музыка, танцы и т.д.*

### Conclusion

*This article describes the ways of bringing the young learners in out school activity through various kinds of out: cinema, painting, theatre, music and dance.*

## ҒҰНДАРДЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Нурханова А.С.

Қазақ ұлтымыздың Еуразияның кең-байтақ даласында ежелден бері өмір сүріп келген ертедегі ру-тайпалардың сан ғасырлар бойы өзара араласу, біртұтастану сияқты үрдістердің нәтижесінде пайда болғаны баршаға мәлім. Бұл тайпалардың ішінен қуатты мемлекетке айналып, тарихта, мәдениетте, өнерде белгілі із қалдырғандарының бірі – ғұндар. Өкінішке

орай, тарихи шығармаларында ғұндардың тарих сахнасында көп уақыт болмай, өзімен бірге тек қана өлім мен зорлық-зомбылықты әкелген жабайы халық болғаны жөнінде пікір қалыптасқан. Алайда соңғы тарихи және археологиялық зерттеулер бұл халықтың әлем тарихындағы алатын орнын қайта қарау мәселені көтерді. Көптеген ғалымдар ғұндардың

жоғары дамыған мәдениеті мен олардың әлем өркениетіне қосқан үлестері туралы өз пікірлерді айтады. Мәселен, орыс тарихшы-шығыстанушы Лев Николаевич Гумилев: «Хунндар европалықтарға қарағанда дамымаған деп есептеген ертедегі және қазіргі пікірлердің негізі жоқ. Керісінше хунндардың ақылы мен іскерлігіне баға беру керек», – деп жазады.

Сонымен қатар, ғұндардың орнын белгілі шығыс зерттеушісі А.Н. Бернштам да жоғары бағалайды. Оның пікірі бойынша «ғұндар тарихта прогрессивті рөл атқарды. Олар феодализмнің пайда болуына әсер етті».

Көшпелі ғұндар мемлекеті өз кезінде Шығыс, Батыс Еуропа, Таяу Шығыс, Қара теңіз аймағы мен Орталық Азия, Қытай арасындағы халықаралық, сауда, экономикалық, мәдени байланыстардың негізгі буыны болды. Ғұн жері арқылы мемлекеттер, халықтар бір-бірімен қатынас орнатты [1, 4].

Көшпенділердің жалпы өркениетке қосқан үлесінің маңызы зор еді. Ғұндар шығыс мәдениетінің өкілдері бола тұрып, европалықтардың дүниетанымдық көзқарастарын күрт өзгертті. Тарихшы-жазушы Мурад Аджидің айтуы бойынша, ғұндар Еуропаға келген кезде, өзінің тазалық пен мұнтаздылықпен, әдемі жібек киімімен, шалбар мен өкшесі бар аяқ киімімен европалықтарды таң қалдыртқан екен [2, 190].

Ғұндардың материалдық мәдениеті жөнінде сөз етсек, ғұндар сақ тайпаларының мәдениетін жалғастырушысы, одан әрі дамытушысы болған екен. Ғұн қоғамындағы сауда қатынасының, темірден жасалған бұйымдардың, тері өңдеудің кең өріс алуы, көлөнердің пайда болуы өркениеттің қозғаушы күші еді. Ғұндарда жоғары дамыған материалдық мәдениеті мен әскери өнерінің жетілдірген техникасы мәлім болды [3, 190].

Ғұндар қару-жарақтарды, жылқы тұқымдарын, көлікті және әскери бекіністерді дамыта отырып, Шығыс Еуропа, Византия, Ресей, Иран және Қытай елдеріндегі әскери өнерінің даму үрдісіне ықпал тигізген болатын [2, 190]. Әйгілі Шыңғысханның тұсында болған әскердің ондыққа, жүздікке, мыңдыққа, он мыңдыққа бөлінуі ғұндар кезінде пайда болды. Бұл тәсілді Аттила (Еділ патша) ойлап тауып, оны Еуропаға жеткізген. Еуропадағы рыцарлық, яғни мұздай қаруланған атты жауынгерлік те ол жаққа Аттиламен жеткен еді [4, 118]. Аттила бастаған ғұн әскерлерінің шабуылы туралы бүкіл Еуропа аңыз етіп айтатын. Атты әскер

күйғытып шауып келе жатқан бетінде самсаған сансыз жебелерден оқ жаудырып, жау әскерінің есін кетіріп барып шайқасты бастайтын. Ғұндардың аттары бөлекше еді, ыстық-суыққа бірдей төзімді бұл жануарлар иесінің айқайынан, тізесін қағуынан-ақ ойындағысын жасай беретін, ғұндардың екі қолы дәйім бос болатын, жекпе-жек шайқас кезінде әлгі аттар дұшпанды тұяғымен таптап тұратын. Ғұн жауынгерлері ұзындығы бес футтай ауыр садақтан шіреп кеп тартқанда 100 метрде жердегі қалқанды қақыратып кете беретін. Әсіресе, атты әскердің артынан ілесіп жүріп, жауынгерлерге жебе жеткізіп беріп тұратын ат арбалар сол кез үшін ерекше жаңалық еді [5, 4].

Солтүстік Қытай мен Қиыр Шығыстан бастап Дунай, Карпат өлкелеріне дейінгі аралықта ғұндар дәуірінен (б.з.б. 2 ғ. – б.з. 5 ғ.) сақталған қоныстар, обалар, ғұрыптық құрылыстар, металл өндіру орындары және кездейсоқ табылған көмбелер мен жекелеген заттарды кездестіруге болады. Ғұн дәуіріндегі археологиялық ескерткіштер үш топқа бөлінеді: 1. Шығыс ғұндардың ескерткіштері. 2. Қазақстан, Орта Азия, Еділ, Оңтүстік Орал жеріндегі ғұндар келіп, жергілікті тайпаларға араласуы нәтижесінде пайда болған ескерткіштер. 3. Қазақстаннан Оңтүстік Орал, Төменгі Еділ арқылы Еуропаға барған жаңа бірлестіктің қалдырған ескерткіштері.

Шығыс ғұндардың негізгі ескерткіштері Ордос, Моңғолия, Бурятияда, ішінара Саян-Алтай, Енисей, Қиыр Шығыс өлкелеріне тараған. Мұндағы ескерткіштері б.з.б. II – б.з. I ғасырлары аралығын қамтиды және «суджа» және «дерестуй» деп екі мерзімдік топқа бөлінеді. Оларды зерттеу жұмыстарына бір ғасыр бойы Азия мен Еуропаның ондаған ғалымдары қатысты [6, 23-24]. Алғаш 100-ден астам обаны Байкал сыртында (Бурятия) XIX ғасырдың соңында Ю. Талько-Грынцевич қазды. Байкал сыртындағы Селенга өзенінің бойында қазылған Иволга қалашығының маңызы зор. Бұл ең көп зерттелген археологиялық ескерткіштің 8 мың шаршы метрі, яғни бүкіл аумақтың 20%-ы қазылған екен. Иволга қалашығынан балшық қабырғалы, төбесі екі қанатты ағаш шатырмен жабылған 54 үйдің орны анықталды. Қабірлер ұзынша пішінде қазылған, мүрделер ағаш табытқа салынып, басы солтүстікке қаратыла 1–2 м тереңдікте жерленген. Ғұн көсемдерінің мүрделері өте терең шұңқыр ішіне орнатылған қос қабатты бөрене қималарға қойылған. Тақ-

тай табыт пен бөрене қималар, қабірді бас жағына мал бастарының салынуы ғұн мәдениетінің тұрақты белгілеріне жатады. Жалпы Байкал сыртында 20 шақты қорымдары мен 900-дан астам қабірлері табылған.

Моңғолияда хұндардың 30 шақты қорымдары белгілі, олардың ішінде 10-нан 300-ге дейін қабірлері орналасқан. Жалпы алғанда бұл қорымдарда 1 мыңнан астам обалары бар. Олардың басым бөлігі солтүстік пен орталық Моңғолияда орналасқан. 1924–1925 жылдары П. Козлов Солтүстік Моңғолиядағы Ноян-Ола үлкен обаларын зерттеген. Бұл обалары зерттеліп, көптеген ғұн бұйымдары (қару-жарақтар, тұрмыс пен өнер заттары) және мыс, нефрит, ағаштан жасалған қытай бұйымдары мен жібек маталары табылған екен. Обалардың ғұн ақсүйектеріне тән екені анықталды [7, 255-258]. Ноян-Ола обаларымен қатар Моңғолияда Баин-Цзурхэ қорымдары орналасқан. Ноян-Оладағы Судзуктэ, Гуджиртэ, Цзурумтэ деген үш ірі қорымдарды атап өтуге болады. Ал Баин-Цзурхэ тауларындағы ірі қорымдары – Ильма, Черемуха және Суджи шатқалындағы қорымдар. Ноян-Ола мен Баин-Цзурхэ таулы алқаптарындағы ең ірі қорымдарды зерттеп, салыстыра отырып, хұн обаларының орналасу ерекшеліктері анықталды [8, 22].

Солтүстік Қытайдағы ежелгі көшпелілер өркениеті ғұндар дәуірінде шарықтау шегіне жетті. ҚХР-да XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап бұл өңірлердегі ғұн және өзге де көшпелілердің археологиялық ескерткіштерін зерттеу кешенді түрде қолға алынды.

Ғұн өркениетіне қатысты сондай ірі археологиялық олжалардың бірі де, бірегейі де 1972 жылы Ішкі Моңғолияның Ордос үстіртіндегі Ехежау аймағының Ханцзин сомонындағы Алусайдэн обаларын қазған кезде табылған. Обалар бүлініп, тоналған, соған қарамастан қазба кезінде одан жалпы салмағы төрт мың грамнан астам келетін 218 дана алтын бұйым олжаланған. Бұл алтын бұйымдар құймалау, қалыптау, қақтап соғу сияқты технологиялық тәсілдермен жасалған.

Бұл жәдігерлердің ішіндегі ерекше көз тартар ең таңдаулысы – Алтын тәжі. Биіктігі 7,1 см, диаметрі 16,5 см алтын тәж қалыпталып құйылған және шығыңқы бедермен жасалған. Тұтас тәж екі бөліктен, тәж айдары мен тәтіден құралған. Алтын тәж түгелдей «аң стиліндегі» өрнектермен бедерленген.

Алтын тәжі табылған бұл оба, сөз жоқ, ғұн патшаларының (тәңірқұттарының) бірінің немесе өзге бір жоғары мәртебелі көсемдерінің бірінікі екендігі, яғни «патшалық обалар» қатарына жататындығы еш күмән тудырмайды. Өйткені мұндай мол алтын-күміс сияқты асыл металдардан жасалған аса бай ақыреттік заттармен тек ақсүйек билеушілер, жоғарғы жіктегілер ғана жерленген. Ғұндарға қатысты көне қытай жазба деректемелерін жан-жақты саралай отырып, қытай ғалымдары алтын бұйымдарға аса бай бұл сән-салтанатты «патша обасы» б.з.д. V–III ғасырларда Ордосты мекендеген ғұндардың линьху тайпасының көсемдерінің бірінікі деген ғылыми қорытынды жасаған.

Ғұн тәңірқұтының бұл обасынан алтын тәжімен бірге жүздеген алтын бұйымдардың табылған. Олардың көпшілігі–дәстүрлі «скифтік-сібірлік» аң стилінде жасалған жапсырмалар, қапсырмалар, тоғалар, гривналар, сырғалар мен алқалар, алтын тізбек моншақтар және басқа да сәндік-әшекей заттар.

1979 жылдары Ішкі Моңғолияның Жоңғар сомонының Бортоғай ауылындағы Сигоупань обаларын қазған кезде табылған. Олардың ұзын саны 150 данаға дейін жетеді, дені алтыннан, онан қалса күмістен жасалған. Алтын-күміс бұйымдардың көпшілігі жапсырмалар, ілмек-тоғалар, қапсырмалар, гривналар, сырғажүзіктер, қару-жарақ қынының қаптама әшекейлері, сондай-ақ өзге де сәндік заттар. Жәдігерлер түгел дерлік «аң стиліндегі» бейнелермен бедерленіп, безендірілген. Олардың арасынан кейбір ерекше назар аудартатын тартымды бұйымдарды жекелеп атауға болады. Солардың бірі грифондардың мүсіндері, олардың біреуінің ұзындығы 14 см, биіктігі 10,2 см, жалпақ алтыннан қиып, бедерленіп жасалған. Грифонның тұмсығы бүркіттің тұмсығына, дене тұрқы мен құлағы және құйрығы етқоректі жыртқыш аңдыкіне ұқсайды, төбесіндегі стильдендіріліп салынған имек-имек келген сала құлаш мүйізі құйрығына дейін жетіп тұр [9, 21–23].

Ғұн ескерткіштерінің келесі топтарына Қазақстан, Орта Азия, Батыс Сібір, Орал мен Еділдің оңтүстік өлкелеріндегі түрлі жәдігерлер және б.з. IV–V ғасырларында Еуропаға барған ғұндардан қалған қабірлер мен көмбелер жатады. Шығыстағы ғұн мәдениетінің таза сипаттағы ескерткіштері бұл өлкелерге тән емес. Бұл аймақтарда жергілікті қанды, үйсін, сармат, т.б. мәдениеттерінің ескерткіштері тараған. Оларға шығыстық ғұн элементтері қосылып, кей өлкелерде «Кең-

қол» тәрізді аралас сипаттағы ескерткіштері пайда болған. Жалпы, шығыстық элементтерден, әсіресе, қару-жарақтағы, қыш ыдыстағы, жекелеген бұйым түрлеріндегі ықпалдарды айтуға болады. Жерлеу ғұрпында да өзгерістер байқалады. Кеңқол ескерткіштері Шу мен Таластың жоғарғы алқаптарында ашылды, оның кейбір ықпалдары Оңтүстік Қазақстандағы Жамантоғай, Шәшікүм, Бөріжар зиратынан байқалады. Сонымен ғұн әсері Жетіасар мәдениетінің (Арал маңы), Құлажорға (Шығыс Қазақстан), Қорғантас (Орталық Қазақстан) кезеңдерінің ескерткіштері зерттелуде. Жетісудағы Қарғалы, Теңдік зиратынан көптеген сәнді алтын бұйымдар, Ақтастағы қоныс пен зираттан құнды деректер алынған.

Қазақстаннан бастап Қара теңіз, Дунай, Карпатқа дейін тараған IV–V ғасырларға жататын ескерткіштер ерекше топты құрайды. Бұлар, негізінен, қару-жарағы мен бағалы бұйымдары көп бекзадалардың, атакты жауынгерлердің қабірлері мен көмбелері болып табылады. Айрықша белгілері – полихромды стильмен жасалған бағалы бұйымдар. Асыл тастар, түсті шынылар орнату, эмальдау және алтын-күміс жалату тәсілдерін қолданып жасаған сәнді бұйымдар Қазақстаннан (Бурабай, Қарағаш, Қанаттас, Батыр), одан әрі батысқа қарай Еуропа жерлерінен көптеп табылды [6, 24–25].

Полихромдық стиль (грек. polychromos – көпбояулы) дегеніміз – қолданбалы өнер түрлерінде, сондай-ақ сәулет, мүсіндеу өнерінде жиі қолданылатын безендіру тәсілі [10, 377]. Бұған жататын зергерлік бұйымдар әр түрлі металдардан жасалады, ал аса көрікті болу үшін қымбат бағалы тастарды алтынмен аптап, күміспен күптеп ұяларға бекітеді, алтыннан әлде күмістен дәнді ұқсаған түйіршіктермен әшекейленеді және безендіріледі [11, 51]. Ғалымдардың пайымдауы бойынша, бұл тәсіл Еуразия далалары кеңістігінде б.з.б. 1 мыңжылдықтың соңына қарай қалыптасады, яғни оның алғашқы үлгілері сақ дәуірінің соңында пайда болады. Бірақ мұның аса жетіліп, кеңінен тарауы б.з. III–IV ғасырларынан басталады. Ал IV–V ғасырлар – ғұндардың атакты полихромдық стилінің шыңына жеткен кезі. Далалық этностар өнерінің тамаша жетістіктеріне жататын бұл үрдіс «негізге асыл тастар қондыру» (инструкция), «сіркелеу» (зернь), «сымкәптеу» (скань), «бөгетті эмаль», «алтындау» мен «күмістеу» сияқты зергерлік тәсілдер арқылы жасалған. Қазақстан территориясындағы Ертіс бойындағы Шілікті, Орталық Қазақстандағы Жыланды және Батыс Қазақстан-

дағы Бесоба қорғандарынан табылған полихромды стильге жататын бұйымдар «негізге асыл тастар қондыру» (инструкция) және «сіркелеу» (зернь) тәсілдері арқылы жасалған [12, 86–87]. Әшекейлі бұйымдарда алтын, күміс, қымбат бағалы жарқырауық тастар көп мөлшерде қолданылған. Мұның тамаша үлгілерінің бірі – жұқа алтыннан қиып, арнаулы ұяшықтарда қызыл түсті тастар қондырылған, аң бейнелі және өсімдік тектес оюлармен мейлінше безендірілген атакты ғұн тәтілері. Қазақстан, Еділ бойы, Қара теңіздің солтүстігі, Румыния, Мажарстан, Польша өлкелерінен 20-дан астам тәті белгілі. Ғұндарда полихромды стилі үрдісімен жасалған шекеліктер, өңіржиектер, шолпылар, қапсырмалар, сақина-жүзіктер, түймелер кеңінен таралған. Сондай-ақ бұл тәсіл ердің қасын, жүген-өмілдіріктерді, қылыш, қанжар саптары мен қындарын әшекейлеуде қолданылған [10, 378].

Ғұндардың зергерлік өнерінің ең көп жинақталған жері – Санкт-Петербургтегі Эрмитаж мұражайы. Мұнда зергерлік өнердің асқан шеберлігімен жасалған 92 бұйым сақтаулы. Олар негізінен Оңтүстік Ресей, Сібір және Қазақстан жеріндегі ғұн молаларынан қазғанда табылған байлықтар. Осы заттардың 90–95 пайызы алтыннан жасалған. Бұл 92 экспонатын сол мұражайдың қызметшісі И.П. Засецкая көп жылдар бойы зерттеп, бұл тақырыпта көптеген мақалалар мен кітаптарды жазған еді [11, 49–50].

Ғұндардың бейнелеу өнері де ғасырлар бойы дамыған екен. Ғұндардың тастағы суреттерінде бұқа, бұғы, аққудың бейнелері салынған. Олардың ойынша бұқа күш пен биліктің, бұға бақыт пен жақсылықтың, ал аққу үй ошағының сақтаушысы символдары. Ғұндардың бейнелеу өнері сақтардың көркемдік (андық стиль) дәстүрімен байланысты келеді [11, 190]. Зерттеушілердің назарын Ордостағы ғұндардың бейнелеу өнеріндегі екі құбылыс аударып келеді. Оның бірі ғұн өнеріндегі грифон бейнелері болса, екіншісі әр түрлі бұйымдарда бейнеленген жыртқыш аңдар мен жылқылардың артқы екі аяқтары мен құйрықтарының арқа-жоңына қарай қайырылып, имектеліп берілуі [9, 23].

Ғұн әйелдері жіп иіріп, киім тоқыған, өрмек тоқып алаша, кілем және басқа төсеніш сияқты әшекейлі заттар жасаған. Олардың қолөнерінде, кілемдері мен алашаларында да түрлі аңдардың суреттері мен бейнелері толып жатыр. Сондай-ақ олардың кілемдері мен киіздерінде адамның бейнелері де көп жасаған. Ал алашалар мен киіз үй басқұрларында әр түрлі

ою-өрнектер өте көп. Сол оюлардың көпшілігі – әлі күнге дейін қазақ өнерінде үзілмей жалғасын тауып келе жатқан қалған «қошқар мүйіз» оюы мен өрнектері [11, 51].

Сонымен қатар, ғұндар адам өмір-тірлігінен айырғысыз нәрсе ретінде, қазір барша адамзаттың күнделікті тұрмысында қолданылатын көп бұйымдарды ойлап тапты. Қазіргі еуропалықтардың еркек жыныстыларын айтқанда, көз алдына келе атқан киім-кешектің бір түрі–шалбарды көшпелілер тіпті ежелгі заманда-ақ ойлап тапқан. Үзеңгі 200 және 400 жылдар арасында бірінші рет Орта Азияда пайда болған. Алғашқы, ағаш дөңгелікті арба, әуелі үлкен доңғалақты күймеге ауысты да, сосын оның орнын тең басты, бұл көшпелілердің орман-тоғайлы тау қырқаларынан қиналмай асып түсулеріне жағдай жасады. Ауыр да түзу семсердің орнын басқан қайқы қылышты көшпелілер шығарған жебелерді аңыратып, 700 м, жерге дейін жеткізетін, салақұлаш құранды садақты ойлап тапқан да солар. Сонымен қатар, ол заманда тұрғын жайдың ең желтілген түрі киіз үй болып есептелетін [13, 39].

Ғұндардың ыдыстары туралы айтатын болсақ, археологтардың ең көп тапқандары – қазандар. Ғұндар қазандары пішіні жағынан жеті түрге бөлінеді [11, 55]. Ордостан Алтайға дейінгі созылып жатқан таулы-далалық аймақтардан қола қазандар табылған. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңына дейінгі ғылыми мәліметтер бойынша Ордос өңірінен табылған ғұн қола қазандарының ұзын саны жиырмадан астам. Ғұн қола қазандары негізінен екі топқа бөлінеді, оның бірі тұғырсыз, түбі тегіс, екі жақ ернеуінде доғаланып келген тік құлақтары бар, тұрқы шелек тәрізді болып келсе, екінші бір топтағыларының бүйірі шығыңқы, екі жақ ернеуінде доғаланып келген немесе төрт бұрышты тік құлағы бар, тұғыры конус тәрізді болып келетін болған [9, 24].

Жоғарыда айтылған ғұндардың археологиялық ескерткіштеріне қарап, ғұндар металл өңдеу кәсібін меңгерген халық болған деген қорытынды жасауға болады. Ғұн шеберлері металдардан көбінесе соғыс жарақтары мен әшекей бұйымдарды даярлаған. Ғұн тайпаларының ұсталары біздің дәуірімізден 2000 жылдар бұрын мыс, қола, алтын, қалайы, қорғасын, мырыш, никель және темір алудың металлургиясын жақсы меңгерді. Олардың осы заманғыдай рудалар қорытатын заводтары болды деп айта алмаймыз.

Дегенмен, кішігірім руда қорытатын пештері ойдағыдай жасаған [14, 4].

Сонымен қорыта келгенде, ғұндардың материалдық мәдениеттің жоғары дамығандығын ғұндарға қатысты табылған барлық археологиялық ескерткіштері дәлелдеп отыр. Бұл көшпелі халық тек қана соғыспен айналыспай, кілем тоқу, зергерлік өнері, металл өңдеу кәсібі, бейнелеу өнері және т.с.с. материалдық мәдениеттің салаларын дамыта отырып, жоғары деңгейге жеткізе білген.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қарасаев Ғ. Еуразиялық бірлестік пен қауымдастық // Қазақ тарихы. – 2003. – №4.
- 2 Омаров Е. Аттила. Цивилизаторская роль. – Орда: Алматы, 2006. – 392 с.
- 3 Артықбаев Ж.О. Пірманов Ә.Б. Қазақстан тарихы (энциклопедиялық басылым). – Алматы: Атамұра, 2008. – 544 б: суреті, карталы.
- 4 Омаров Е. Краткая история казахской цивилизации. – Алматы: Орда, 2005. – 240 с.
- 5 Абдрахманов С. Аттила немесе «құдайдың қаһары» // Жас қазақ үні. – 2003. – 26 желтоқсан.
- 6 Қиянатұлы З. Ұлы дала мемлекеттері. – Алматы: «Адамдар» баспасы, 2006. – 216 б.
- 7 Степная полоса Азиатской части СССР в скифо-сарматское время / Под ред. Машкова М.Г. – М.: Изд. «Наука», 1992. – 493 с.
- 8 Железный век Кавказа, Средней Азии и Сибири / Под ред. Кругликова И.Т. – М.: «Наука», 1985 – 104 с.
- 9 Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. Тарихи-мәдени жәдігерлер. Т.2. / Ғылыми ред. Әбусейітова М.Қ. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – 75 б.
- 10 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 10-томдық. Т. 7. / Бас ред. Аяған Б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2005. – 728 б.
- 11 Өтенияз С. Аттила (ғылыми зерттеу). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2000. – 216 бет + суретті жапсырма.
- 12 Агапов П. Кадырбаев М. Сокровищница древнего Казахстана. – Алма-Ата: «Жалын», 1979.–252 с.
- 13 Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу: «Пірәдар Иоанның мемлекеті» туралы аңыз / Ауд. Ә. Жұмабаев, П. Бейсенов. – Алматы: Балауса, 1992. – 448 б.
- 14 Орманов Қ. Атадан қалған алтын еді // Қостанай. – 2008. 8 шілде.

**Резюме**

Данная статья исследует археологические памятники и материальную культуру древних гуннов.

**Conclusion**

This article explores the archaeological sites and material culture of the ancient Huns.

**БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАМУЫ**

Ордашева М.Ж., Сейдахметова Г.С.

Әлем үшін тұлғаның шығамашылық дамуы – қандай маңызды болса, қазіргі отандық педагогикада да үлкен тапсырмалардың бірі. Қазіргі әлем және ондағы адамдар барлығы бірдей емес, сондықтан тұлғалардың айырмашылығына ерекше назар аудару қажет.

Өздерінің индивидуалдық қабілеттері арқылы көптеген әйгілі және талантты адамдар қайталанбас ұлы шығармаларының арқасында аттары өшпестей болды. Бейнелеу өнері пәні мәдениеттің тұтқасы және бейнелеу өнері әрқашанда алға қарай ұмтылады. Бейнелеу өнері бұл сиқырлы таяқ іспеттес, сол арқылы оқыту процесінде түрлі әдістер қолдану арқылы ерте жасынан оқушыларды тәрбиелеп үйретеді.

Қазіргі білім беру стратегиясының негізгі мәні – оқушылардың өздерінің талантын және шығармашылық потенциалын, ойлаған жоспарын жүзеге асыруға үйрету. ҚР «Білім беру» жүйесінде бірінші жоспардың бағыты жеке адамның дамуы, пәндік білім қаралады және білімдерін пайдалану арқылы жетістікке жетуі. Бұл концепция мазмұны орта білім беруде мән берілетін негізгі бөлігі ол шығармашылық дамуда, индивидуализацияда қызығушылықтарды еске ала отырып және қабілеттіліктерін жетілдіру. Мұндағы басты принципі ол білім берудегі жаңашылдықтың мазмұны және тұлғаның қабілеті, әр оқушының қатысушылардың сүйенетін субъектік тәжірибе және ең басты қажеттіліктері. Осының арқасында ең қиын сұрақ туады, таным процесінің ұйымдастырылуында және оқушылардың шығармашылық таным және бастауыш оқушыларының шығармашылық танымы, өзін-өзі ұйымдастырудағы тұлғаның үздіксіз білім беру жолындағы өз-өзіне әсері.

Біздің негізгі қарастыратынымыз продуктивті шығармашылық дамуда бастауыш сынып оқушысының қабілетін дамыту. Бұл жағдайда тұлғаның біртұтас және шығармашылық тұрғыда оқыту процесі негізгі жүргізуші фактор

болып табылады. Көбінесе баланың даму процесі бір-бірімен байланысты үш түрде қарастырылады: біріншіден, бала өзіне мақсат қою арқылы өзіне керекті ақпарат алады. Екіншіден, бала тапсырманы жан-жақты қарастырады. Үшіншіден, бала бастаған ісін аяқтайды. Шығармашылық процесс барысында бастауыш сынып оқушыларында Уварина Н.В. келесі кезендерді негізгі деп санайды: жиналған білімін және ойын түсіндіру, тапсырманы орындау. Тапсырманы жан-жақты қарау, нұсқалардың дұрыс ұйымдастырылуы. Идеялардың, нұсқалардың, бейнелердің шынайылығы. Табылған нұсқаларды қару және таңдау [1].

Әр түрлі деңгейлерді айта отырып, көптеген ойларды салыстыруға болады. Т.М. Махмудов жеке жұмыс істеуді және деңгейге бөлуге үлкен иән берді. Ол өзіндік жұмыс істеуді деңгейлерге бөлді: төмен, орташа және жоғары [26, 134]. Лернердің ойынша: «мақсат қоймай бірінші деңгейде шығармашылықта, мектеп шығармашылықтың екінші деңгейіне дайындау қажет немесе әр түрлі масштабта және әр түрлі сферада адамды күшті етіп дайындау қажет» [3, б. 80]. Лернер жалпылама шығармашылық жайлы ой айтты: «адамды құрудағы объективті және субъективті сапасы жағынан қарау, сол арқылы сол арқылы жан-жақты жүйе және әрекет деп шығармашылық» деп айтты [14, 52]. Автор назарын процессуалды шығармашылыққа аударды: алыс және жақын мақсатын; ішкі және сыртқы жүйедегі жағдайдағы жаңа қиындықтар; дәстүрлі жағдайдағы жаңа қиындықтар; жаңа функцияның дәстүрліден айырмашылығы; қиындық шешудегі альтернативті жолы; мәселелерді шешудегі білім берудегі жаңа әдістер; жаңа түрдегі жаңа ыңғай; барлығы өнерде бір-бірімен өзара байланысты.

Лернер анық шектеу қоюға болмайды деген. Себебі түр, мінез, туындаған қиындықтардың күрделілігіне сабақ кезеңінде аса мән беріледі. Осыдан мынадай қорытындыға келу-